Шардара қаласы

«Шардара» мектеп - лицейі

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің 3-отырысының хаттамасы

Шардара қаласы 31.10.2025ж

Өткізілген орны: Мектептің мәжіліс залы

Қатысқандар:Л.Ө.Құлмаханбет,Э.О.Кулиева,Қ.Нуржанова,Р.Кеңес, А.Арын.Б.Исабекова,Г.Тұрсымбетова.Д.Дүйсебаева,Э.Үмбетова,С.Жексенба ева,А.Базарбаева,Дүйсебаева,Э.Үмбетова,С.Жексенбаева,А.Базарбаева,М.Сат ылганова,УсенбаеваД..У.Жора. И.Досыбаева.С.Шындалиева

Күн тәртібінде:

1. Бірінші тоқсан бойынша ерекше білім беру қажет ететін білім алушылардың даму динамикасына мониторинг жасау;
2. Диагностика нәтижелері бойынша жеке дамыту және түзете-дамыту бағдарламаларына өзгерістер енгізу;

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі **бірінші мәселе** бойынша ППҚҚ төрайымыЭ.Кулиева тоқсан қорытындысы бойынша ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға қатысты жалпы мониторинг нәтижелерін ұсынды. Ол білім алушылардың сабаққа қатысуы, мінез-құлық мәдениеті, оқу мотивациясы және оқу тапсырмаларын орындау деңгейіндегі ортақ тенденцияларды атап өтті.

ППҚҚ төрайымы пән мұғалімдері, сынып жетекшілері, арнайы педагог, педагог-психолог тарапынан ұсынылған ақпараттар негізінде, бірінші тоқсанда ЕББҚ бар білім алушыларға көрсетілген психологиялық-педагогикалық қолдау жұмыстарының ұйымдастырылуы жөнінде жалпы сипаттама берді.

Сонымен қатар, ол оқу процесінде кездескен негізгі қиындықтар мен мұғалімдердің ортақ ұсыныстарын жеткізді: оқушылардың нұсқауды орындауы, оқу тапсырмаларын аяқтауы, сыныптағы мінез-құлық тұрақтылығы, оқу дағдыларының дамуына қатысты мәселелерге тоқталды. Жекелеген пәндер бойынша педагогтердің ұсыныстары жинақталып, ППҚҚ қызметінің келесі тоқсандағы жұмыс бағыттарын айқындауға негіз болғанын атап өтті.

Scanned with CamScanner

ППҚҚ төрайымы бірінші тоқсан нәтижелері келесі кезеңде жеке дамыту бағдарламаларын нақтылау, оқу материалын бейімдеу және түзете-дамыту жұмыстарын күшейту қажеттігін көрсеткенін ерекше атап өтті.

Күн тәртібіндегі **екінші мәселе** бойынша алдымен мектептің арнайы педагогы Қ.Нуржанова білім алушылардың жеке оқу бағдарламалары мен түзете-дамыту бағдарламаларын меңгеру деңгейін қарастырды.

8«Б» сынып оқушысы Шәкір Нурдаулет ПМПК қорытындысына сәйкес жеке оқу бағдарламасы ұсынылған, негізгі оқу пәндері бойынша бір жартыжылдыққа жеке оқу бағдарламалары әзірленгені атап өтілді.

Қазақ тілі пәні бойынша 1-тоқсан қорытындысында білім алушыда оң динамика байқалады: әріптерді тану, дыбыстарды ажырату және буындап оқу дағдылары біртіндеп қалыптасуда. Таныс сөздерді оқи алады, қарапайым сөйлемдерді мұғалімнің көмегімен құрайды, ал тыңдалым тапсырмалары кезінде нұсқауларды түсініп, орындауға тырысады. Жазбаша жұмыста әріптердің графикалық бейнесін дұрыс жазу және сөз арасындағы арақашықтықты сақтау дағдылары ішінара жақсарған. Сөздік қоры біртіндеп кеңейіп, сөйлеу белсенділігі артқан. Осыған байланысты қазақ тілі пәні бойынша жеке оқу бағдарламасы шеңберінде жұмысты жалғастыру ұсынылады, себебі білім алушыда оқу мотивациясы мен тілдік әрекетке қызығушылық бар.

Математика пәні бойынша:

Білім алушы Заттарды санмен сәйкестендіру және қарапайым арифметикалық амалдарды орындау кезінде мұғалімнің көмегін қажет етеді. Қосу және азайту амалдарын орындауда тұрақты қателіктер байқалады, есептің мазмұнын түсінуде қиналады.

Осының бәрі оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеруді қиындатады. Сондықтан, екінші тоқсанда оқу материалын жеңілдету, тапсырмаларды көрнекілік пен практикалық әрекеттер арқылы бекіту ұсынылады.

Түзете-дамыту бағдарламасы бойынша: оқу жылының I тоқсанында білім алушының танымдық қабілеттерін дамытуға бағытталған жұмыстар жүргізілді. Сабақтар барысында қабылдау, есте сақтау, салыстыру, талдау және қоршаған ортада бағдарлау дағдылары бойынша оң динамика байқалды.

Білім алушы дыбыстарды, түстер мен пішіндерді ажырата алады, заттарды үлгі бойынша топтастырып, салыстыра орындайды. «Бір – көп» ұғымын түсінеді, негізгі түстер мен геометриялық пішіндерді дұрыс сәйкестендіреді. Заттардың көлемін (үлкен – кіші), кеңістіктегі орнын (жақын – алыс, жоғары – төмен) ажырата алады. Материалдардың қасиеттерін (қатты, сұйық, сусымалы) сезіну дағдылары қалыптасуда.

Ұсақ моторика жаттығулары кезінде қозғалыстарды ырғақпен орындайды, тік және көлбеу сызықтармен штрихтеу сапасы жақсарған. Сюжеттік суреттермен жұмыс барысында қарапайым себеп–салдар байланыстарын анықтауға тырысады.

Scanned with CamScanner

Жалпы алғанда, танымдық даму бағыты бойынша білім алушының қабылдау, талдау және салыстыру әрекеттерінде ілгерілеу байқалады, оқу іс-әрекетіне қызығушылығы артып келеді.

Екінші мәселе бойынша сөз кезегі арнайы педагогы Қ.Нуржанова

Оқушылардың деңгейі бойынша:

1.Бақытбек Айнур 4 «А»

Математика пәні – 1-сынып деңгейінде;
Қазақ тілі пәні – 0-сынып деңгейінде;
Әдебиеттік оқу пәні – 0-сынып деңгейінде;
Орыс тілі пәні – 1-сынып деңгейінде;
Жаратылыстану пәні – 1-сынып деңгейінде;
Дүниетану пәні – 2-сынып деңгейінде.

2.Нартай Еркежан 3 «б»

Математика пәні – 2-сынып деңгейінде;
Қазақ тілі пәні – 3-сынып деңгейінде;
Әдебиеттік оқу пәні – 2-сынып деңгейінде;
Орыс тілі пәні – 2-сынып деңгейінде;
Жаратылыстану пәні – 3-сынып деңгейінде;
Дүниетану пәні – 2-сынып деңгейінде.

3.Даулетбай Айбек 3 «Б»

Математика пәні – 2-сынып деңгейінде;
Қазақ тілі пәні – 2-сынып деңгейінде;
Әдебиеттік оқу пәні – 2-сынып деңгейінде;
Орыс тілі пәні – 1-сынып деңгейінде;
Жаратылыстану пәні – 2-сынып деңгейінде;
Дүниетану пәні – 3-сынып деңгейінде.

4.Мейірбек Раяна

Математика пәні – 1-сынып деңгейінде;
Қазақ тілі пәні – 1-сынып деңгейінде;
Әдебиеттік оқу пәні – 1-сынып деңгейінде;
Орыс тілі пәні – 1-сынып деңгейінде;
Жаратылыстану пәні – 1-сынып деңгейінде;
Дүниетану пәні – 1-сынып деңгейінде.

5.Мейірбек Рабиға

Математика пәні – 1-сынып деңгейінде;
Қазақ тілі пәні – 1-сынып деңгейінде;
Әдебиеттік оқу пәні – 2-сынып деңгейінде;
Орыс тілі пәні – 1-сынып деңгейінде;
Жаратылыстану пәні – 1-сынып деңгейінде;
Дүниетану пәні – 1-сынып деңгейінде.

1. Абдугофир Алтынбек
2. Математика пәні – 0-сынып деңгейінде;
3. Қазақ тілі пәні – 0-сынып деңгейінде;
4. Әдебиеттік оқу пәні – 0-сынып деңгейінде;
5. Орыс тілі пәні – 0-сынып деңгейінде;

Scanned with CamScanner

6. Жаратылыстану пәні – 0-сынып деңгейінде;
7. Дүниетану пәні – 0-сынып деңгейінде.

Сатибай Бейбизейнеп

Математика пәні – 1-сынып деңгейінде;
Қазақ тілі пәні – 1-сынып деңгейінде;
Әдебиеттік оқу пәні – 0-сынып деңгейінде;
Орыс тілі пәні – -сынып деңгейінде;
Жаратылыстану пәні – 0-сынып деңгейінде;
Дүниетану пәні – 0-сынып деңгейінде.

Ұсыныс:

- 1-тоқсан қорытындысы негізінде ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың жеке оқу бағдарламаларын қайта қарап, қажетті өзгерістер енгізу;
- Түзете-дамыту бағдарламаларындағы бағыттар бойынша жұмысты жүйелі жүргізіп, сабақтардың тиімділігін ППҚҚ мамандары тарапынан бақылауда ұстау.

Шешім:

- Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың жеке оқу бағдарламалары 1-тоқсан нәтижелеріне сәйкес өзгертілсін;
- Түзете-дамыту бағдарламаларындағы бағыттар бойынша жұмыс жүйелі жүргізіліп, сабақтардың тиімділігі ППҚҚ мамандары тарапынан бақылауға алынсын.

Төрайым: _____ **Э.Кулиева**

Хатшы: _____ **К.Нуржанова**

Scanned with CamScanner